

"Кентаукеніштарату" РМК-нің теңгеріміндегі Хантағы қалдықтар сақтау қоймасын және "Қаласұтзауыты" 35/6 кВ кіші станциясын республикалық меншіктен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 тамыздағы N 830 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің "Кентаукеніштарату" РМК-нің теңгеріміндегі Хантағы қалдықтар сақтау қоймасын және "Қаласұтзауыты" 35/6 кВ кіші станциясын (бұдан әрі - объектілер) республикалық меншіктен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен объектілерді қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы